

**Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
6D050400 – Журналистика мамандығы бойынша
Алимбекова Саягул Кабылбековнаның «Медиа тәуелділік: себептері мен
салдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының**

АННОТАЦИЯСЫ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс «Медиа тәуелділік: себептері мен салдары» тақырыбына арналған. Бұл зерттеу қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында медианың құралдарының (БАҚ) адам өміріне, оның әлеуметтік, психологиялық және мәдени күйіне әсерін талдауға бағытталған. ХХІ ғасырда ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік медиа платформаларының қарқынды дамуы адам санасы мен күнделікті тіршілігіне елеулі ықпал етуде. Осыған байланысты медиа тәуелділік мәселесі қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстан мен АҚШ да өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан мен АҚШ жастары арасында медиа тәуелділіктің себептері, салдары және бұл мәселелерді шешу жолдарына салыстырмалы талдау жүргізу. АҚШ-та медиа тәуелділік мәселесі ертерек зерттеліп, әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті мен ақпараттық қауіпсіздікке қатысты нақты стратегиялар әзірленіп, іске асырылған. Бұл елде жастар арасында медиа тұтынуды реттеу мен сауатты қолдануға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық бағдарламалар жүйелі түрде енгізілген. Ал Қазақстанда медиа тәуелділік мәселесі әлі де қалыптасу сатысында тұр және ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелмеген. Сондықтан бұл зерттеу отандық ғылым үшін өзекті болып табылады және Қазақстандағы жастардың медианы тұтыну ерекшеліктерін, олардың психологиялық және әлеуметтік жағдайына әсерін анықтауға бағытталған. Салыстырмалы талдау нәтижесінде екі елдің тәжірибесі негізінде медиа тәуелділікті азайтуға бағытталған тиімді шешімдер мен ұсыныстар әзірлеу көзделеді.

Зерттеудің негізгі міндеттері: Қазақстан және АҚШ жастарының медиа тұтыну дағдыларын салыстыру; Медиа тәуелділіктің негізгі себептерін анықтау; Медиа тәуелділіктің психологиялық, әлеуметтік және мәдени салдарын зерттеу; Қазақстан мен АҚШ-тың тәжірибесін салыстыру және медиа тәуелділіктің алдын алуға арналған практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеуде аралас әдістер (mixed methods) қолданылады, яғни сандық және сапалық зерттеу тәсілдері біріктірілген. Сандық зерттеу сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдіс респонденттердің медианы пайдалану уақыты, медиа тәуелділік деңгейі және әлеуметтік медиа тұтыну шарттары сияқты көрсеткіштерді анықтауға бағытталған. Сапалық зерттеу шеңберінде медиа тәуелділіктің ішкі себептері мен психологиялық

әсерлерін тереңірек анықтау мақсатында тереңдетілген сұхбаттар (in-depth interviews) жүргізіледі. Сауалнамаға Қазақстаннан 150 жас респондент және АҚШ-тан 148 жас респондент қатысқан.

Зерттеудің нысаны. Зерттеудің нысаны – Қазақстан мен АҚШ жастарының медиа тұтыну мәдениеті. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарының адамдардың психо-эмоционалдық күйіне, әлеуметтік қарым-қатынасына және өмір сапасына тигізетін әсері зерттеледі.

Зерттеудің маңыздылығы. Бұл зерттеудің маңыздылығы – Қазақстандағы медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беруінде. Сонымен қатар, АҚШ-тың бұл бағыттағы тәжірибесін зерделеу арқылы отандық қоғамда медиа тәуелділіктің алдын алуға арналған тиімді жолдар мен стратегияларды ұсынуға негіз қаланады. Зерттеу нәтижелерін жастардың цифрлық сауаттылық деңгейін арттыруда және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қолдануға болады. Бұл – медиа кеңістіктегі қауіптерге қарсы тұру қабілетін нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Зерттеу гипотезасы. Қазақстан мен АҚШ жастары арасында медиа тәуелділікке әкелетін негізгі себептер – әлеуметтік оқшаулану, өзін-өзі көрсету қажеттілігі және цифрлық сауаттылық деңгейі болып табылады. Алайда, АҚШ-та медиа тәуелділікпен күресуге бағытталған жүйелі ақпараттық саясат пен алдын алу стратегиялары қалыптасқандықтан, бұл елде медиа тәуелділіктің салдары мен деңгейі Қазақстанмен салыстырғанда біршама жеңілірек сипатқа ие. Ақпараттық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ отбасы мен білім беру мекемелерінің медиа тәуелділіктің алдын алуға белсенді қатысуы – екі ел үшін де тиімді тәсіл болып табылады.

Негізгі зерттеу сұрақтары:

1. Медиа тәуелділік деген не және оның қалыптасуының әлеуметтік-психологиялық себептері қандай?
2. Қазақстан жастары арасында медиа тәуелділіктің негізгі себептері қандай?
3. АҚШ жастары медиа тәуелділікпен қалай күреседі және осы елдегі алдын алу шараларының ерекшеліктері қандай?
4. Қазақ және АҚШ жастары арасында медиа тәуелділіктің деңгейі мен салдарларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қандай?
5. Медиа тәуелділікті алдын алу үшін қандай тиімді стратегиялар мен ақпараттық сауаттылық шараларын қолдануға болады?

Қазақ және АҚШ жастары арасында медиа тәуелділікке әкелетін негізгі себептер – әлеуметтік оқшаулану, өзін-өзі білдіру қажеттілігі және цифрлық сауаттылық деңгейі болып табылады. Дегенмен, АҚШ-та медиа тәуелділікпен

күресуге бағытталған жүйелі ақпараттық саясат пен алдын алу стратегиялары дамығандықтан, медиа тәуелділіктің деңгейі мен салдары Қазақстанға қарағанда салыстырмалы түрде жеңіл. Ақпараттық сауаттылықты арттыру және отбасы мен білім беру мекемелерінің медиа тәуелділікті алдын алуда белсенді қатысуы екі елде де тиімді тәсілдер болып табылады.

21 ғасыр – цифрлық технологиялардың жылдам дамуы және олардың адам өмірінің барлық салаларына ену дәуірі. Қазіргі кезде интернет пен әлеуметтік желілер тек ақпарат тарату құралы ғана емес, сонымен бірге күнделікті қарым-қатынас, өзін-өзі көрсету және білім алу үшін негізгі платформаға айналды. Әсіресе жастар арасында әлеуметтік желілер мен медиа мазмұнын тұтыну деңгейінің тез өсуі жаңа әлеуметтік-психологиялық феномен – медиа тәуелділіктің пайда болуына себеп болды.

Медиа тәуелділік — адамның цифрлық платформаларға шамадан тыс тәуелді болуы, бұл шынайы өмірдегі белсенділіктің төмендеуі, психологиялық күйзеліс және әлеуметтік оқшаулану арқылы сипатталады. Бұл мәселе қазіргі уақытта жаһандық сипат ала бастады. Қазақстанда бұл феномен әлі толық зерттелмегенімен, оның өзектілігі күннен-күнге артып келеді. АҚШ-та медиа тәуелділік құбылысы ертерек зерттеліп, ақпараттық сауаттылыққа бағытталған алдын алу стратегиялары мен бағдарламалары кеңінен қолданылуда.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты — Қазақстан мен АҚШ жастары арасында медиа тәуелділікке ықпал ететін негізгі факторларды, оның салдарын және алдын алу әдістерін салыстырмалы түрде талдау жүргізу. Бұл зерттеу медиа тәуелділіктің құрылымын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді, оған медиа тұтыну мәдениеті, ақпараттық сауаттылықтың рөлі және жастар психологиясындағы өзгерістер ескеріледі.

Зерттеудің ғылыми өзектілігі — медиа тәуелділік теориясын әлеуметтік, мәдени және психологиялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырып, Қазақстандағы жағдайды халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, отандық медиа және білім беру саясатына практикалық ұсыныстар жасау болып табылады. Сонымен қатар, жастардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тиімді уақыт басқару дағдыларын дамыту және цифрлық мәдениетті қалыптастыру бұл жұмыстың әлеуметтік маңыздылығын арттырады.

Медиа тәуелділік ұғымы қазіргі заманғы медиа және коммуникация ғылымдарының маңызды зерттеу объектісіне айналды. Бұл феноменді түсіндіру үшін бірнеше теориялық тәсілдерді қарастыру қажет. Қолдану және қанағаттандыру теориясы (Uses and Gratifications Theory) адамдардың медианы қандай мақсатта тұтынатынын зерттейді. Яғни, медиа тұтыну — адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылысы. Жастар медианы эмоционалдық қолдау, әлеуметтік байланыс, ақпарат алу және көңіл көтеру

үшін пайдаланады. Алайда, бұл қажеттіліктер медианы шамадан тыс тұтынуға, яғни тәуелділікке ұласуы мүмкін. Медиа тәуелділік теориясы (Media Dependency Theory) бойынша, жеке тұлғалар мен қоғам медиалық жүйеге, әсіресе ақпаратқа қажеттілік артқан кезде тәуелді болады. Тәуелділік деңгейі адамның медиадан ақпарат алу жиілігі мен оған сенім деңгейімен анықталады. Сонымен қатар, цифрлық тәуелділік пен FOMO (Fear of Missing Out — бір нәрсені жіберіп алу қорқынышы) әлеуметтік желілерде үздіксіз байланыста болу қажеттілігімен сипатталады. Адам басқалардың өмірін бақылау арқылы өзінен қалып бара жатқандай сезінеді. Бұл психологиялық қысымды күшейтіп, медиа тәуелділікті арттыратын фактор болып табылады. Әлеуметтік салыстыру теориясы (Social Comparison Theory) жастардың өздерін басқалармен салыстырып, медиа платформалардағы идеалдандырылған бейнелерге ұмтылатынын көрсетеді. Бұл да эмоционалдық күйзелістерге және тәуелділікке әкеледі.

Қазақстанда медиа тәуелділік мәселесі әлі де толық зерттелмеген. Кейбір еңбектерде (мысалы, Балабекова, 2021; Ерғалиева, 2023) жастар арасындағы медиа тұтыну мәдениеті мен цифрлық мінез-құлық сипатталған. Дегенмен, медиа тәуелділіктің әлеуметтік-психологиялық салдары терең талданбаған. Ал АҚШ-та бұл тақырып кеңінен зерттелуде. Мысалы, Твенге және Кэмпбелл (2018) жасөспірімдердің психикасына әлеуметтік желілердің әсерін жан-жақты қарастырса, Андреассен (2015) әлеуметтік медианың тәуелділік клиникалық белгілерін сипаттаған. АҚШ-та медиа сауаттылық пен цифрлық әл-ауқат саласында арнайы бағдарламалар әзірленген.

Әлемдік ғылыми әдебиетте медиа тәуелділік бойынша көптеген еңбектер болса да, Қазақстан мен АҚШ жастарының медиа тұтыну мәдениетін кешенді талдайтын зерттеулер өте аз. Осы диссертация осы олқылықты толтыруға бағытталған.

Зерттеу жұмысының жаңалығы. Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан мен АҚШ-тың мәдени, әлеуметтік және цифрлық контекстіндегі медиа тәуелділік феноменіне салыстырмалы тұрғыдан қараған алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады.

Зерттеудің жаңашылдығы келесі аспектілерде көрінеді:

Салыстырмалы әдістемемен талдау — Қазақстан мен АҚШ-тағы медиа тұтыну ерекшеліктерін, медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын салыстыра отырып, екі елдің медиа кеңістігіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау.

Аймақтық контекстіні ескеру — батыстық үлгілерге негізделген зерттеулерден өзгеше көзқарас ұсыну үшін Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени факторлар мен аймақтық ерекшеліктерді ескеру арқылы медиа тәуелділікке әсер ететін факторларды қарастыру.

Кешенді тәсіл — медиа тәуелділіктің көп қырлы табиғатын жан-жақты қарастыру үшін сауалнама, сұхбат және медиа контентті талдау әдістерін біріктіру.

Жас және әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықтарды талдау — әртүрлі жас топтары мен әлеуметтік топтар арасында медиа тәуелділік деңгейін салыстырып, қай аудиториялардың тәуелділігі жоғары екенін анықтау.

Саяси және цифрлық реттеу тәжірибелерін салыстыру — АҚШ пен Қазақстандағы медиа саясаты, платформаларды реттеу тәжірибелері мен цифрлық сауаттылық деңгейін салыстыра отырып, медиа тәуелділікті азайтуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Қорытынды

Осы зерттеу Қазақстан мен АҚШ жастары арасындағы медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын салыстырды. Нәтижелер екі елдің жастары медианы эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, әлеуметтік байланыс орнату және бос уақыттарын өткізу үшін пайдаланатынын көрсетті. Алайда, Қазақстанда медиа тәуелділік белгілері АҚШ-қа қарағанда жиірек кездеседі. Бұл жағдайдың себептері ретінде цифрлық сауаттылықтың төмендігі, баламалы әлеуметтік мүмкіндіктердің шектеулі болуы және медиа мәдениеттің әлсіз дамуы аталды.

АҚШ-та жүйелі алдын алу стратегиялары, ақпараттық сауаттылық курстары және жастардың медианы сын көзбен тұтынуы тәуелділік деңгейін төмендетуге септігін тигізуде. Қазақстанда осы бағыттағы жұмыстар әлі де дамытуды қажет етеді.